

## **"Қазақстан Республикасы Президентінің телерадиокешені" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 17 тамыз N 1178

Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің қызметіне ақпараттық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстардың тиімділігін қамтамасыз ету және ұлттық деректі фильмдерді шығаруды кеңейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің телерадиокешені" мемлекеттік мекемесі жарғылық капиталына мемлекеттің жүз проценттік қатысуымен "Қазақстан Республикасы Президентінің телерадиокешені" коммерциялық емес жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - ЖАҚ) болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасының ЖАҚ акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету, пайдалану және басқару жөнінде өзін уәкілетті орган етіп айқындау туралы ұсынысына келісім берілсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасымен бірлесіп заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттің жарнасы ретінде қайта ұйымдастырылатын "Қазақстан

Республикасы Президентінің телерадиокешені" мемлекеттік мекемесінің мүлкін ЖАҚ-тың жарғылық капиталына берсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті қайта ұйымдастыру рәсімдерін жүргізісін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:  
Қобдалиева Н.  
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК